

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2113 болып тіркелген "Шарттар жасасуды талап ететін шығыстардың экономикалық сыныптамасы бойынша шығыстар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 18 желтоқсандағы N 620 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2003 жылғы 1 наурыздағы N 86 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 17 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2212. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 3 маусымдағы N 211 Бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

*"Заңға тәуелді актілерді жетілдіру бойынша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:*

*1. Қоса берілген тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылсын.*

*2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаменті (Д.В. Вагапов) қоса берілген тізбеде көрсетілген бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен бір апталық мерзімде хабарласын.*

*3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.*

*Министр*

*Қ а з а қ с т а н                    Р е с п у б л и к а с ы  
Қ а р ж ы                    м и н и с т р і н і ң  
2 0 0 5                    ж ы л ғ ы                    3                    м а у с ы м д а ғ ы  
N 211 бұйрығына қосымша*

*Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің күшін жойған кейбір бұйрықтарының тізбесі*

*11. "Шарттарды жасасуды талап ететін шығыстардың экономикалық сыныптамасы бойынша шығыстар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 18 желтоқсандағы N 620 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2003 жылғы 1 наурыздағы N 86 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 17 наурызда N 2212 тіркелген)...*

-----

## Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 8 қаңтардағы N 2113 тіркелген "Шарттар жасасуды талап ететін шығыстардың экономикалық сыныптамасы бойынша шығыстар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 18 желтоқсандағы N 620 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2113 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шарттар жасасуды талап ететін шығыстардың экономикалық сыныптамасы бойынша шығыстар тізбесіндегі " Ескерту" бағаны мынадай редакцияларда жазылсын:

138, 139, 141, 142, 143, 144, 145 және 146-ерекшеліктер бойынша:

"Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге арналған шарттар: әкімшісі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі болып табылатын " Әкімшілік шығындар" бюджеттік бағдарламасы "Басқа елдердегі органдардың аппараттары (елшіліктер, өкілдіктер, дипломатиялық миссиялар)" кіші бағдарламасы бойынша айырбастау және шетелде Қазақстан Республикасы елшілігінің шоттарына кейіннен аудару үшін соманы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің шоттарына аудару кезінде талап етілмейді.";

149 - е р е к ш е л і к б о й ы н ш а :

"Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге арналған шарттар: әкімшісі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі болып табылатын " Әкімшілік шығындар" бюджеттік бағдарламасы "Басқа елдердегі органдардың аппараттары (елшіліктер, өкілдіктер, дипломатиялық миссиялар)", "Визалық жапсырмалар дайындау", "Ұзақ шетелдік іссапар кезінде қызметкерлерді медициналық сақтандыру" кіші бағдарламалары бойынша айырбастау және шетелде Қазақстан Республикасы елшілігінің шоттарына кейіннен аудару үшін соманы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің шоттарына аудару кезінде т а л а п е т і л м е й д і . " ;

411 - е р е к ш е л і к б о й ы н ш а :

"Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге арналған шарттар: әкімшісі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі болып табылатын " Визалық жапсырмалар дайындау", "Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық өкілдіктерімен қорғалған байланыс жүйесін құру", "Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық өкілдіктерін материалдық-техникалық жарактандыру", "Елшіліктер үшін автомашиналар сатып алу" кіші бағдарламалары бойынша айырбастау және шетелде Қазақстан Республикасы елшілігінің шоттарына кейіннен аудару үшін соманы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің шоттарына аудару кезінде талап етілмейді.";

412 - е р е к ш е л і к б о й ы н ш а :

"Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге арналған шарттар: әкімшісі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі болып табылатын "Өткен жылдардың міндеттемелерін орындау", "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік сатып алу" бюджеттік бағдарламалары бойынша айырбастау және шетелде Қазақстан Республикасы елшілігінің шоттарына кейіннен аудару үшін соманы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің шоттарына аудару кезінде талап етілмейді." ;

421 - ерекшелік бойынша :

"Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге арналған шарттар: әкімшісі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі болып табылатын " Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік сатып алу" бюджеттік бағдарламасы бойынша айырбастау және шетелде Қазақстан Республикасы елшілігінің шоттарына кейіннен аудару үшін соманы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің шоттарына аудару кезінде талап етілмейді." ;

431 - ерекшелік бойынша :

"Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге арналған шарттар: әкімшісі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі болып табылатын " Республикалық меншіктегі шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің ғимараттарын қайта жаңарту және күрделі жөндеу" бюджеттік бағдарламасы бойынша айырбастау және шетелде Қазақстан Республикасы елшілігінің шоттарына кейіннен аудару үшін соманы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің шоттарына аудару кезінде талап етілмейді." .

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*